





ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

**АКАДЕМИЯЛЫҚ  
ЭТИКА  
БОЙЫНША КЕҢЕС  
ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 28.08.2020
	<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ ЭТИКА БОЙЫНША КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	1 бет

## МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Кеңестің негізгі міндеттері, қызметтері мен өкілеттігі	2
3	Кеңестің қызметін ұйымдастыру	3
4	Академиялық этиканы қадағалауды бақылау	3
5	Ғылым мен шығармашылық этикасын қадағалауды бақылау	5
6	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың ғылыми зерттеулерін бақылау	6
7	Қорытынды ережелер	6

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 28.08.2020
	<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ ЭТИКА БОЙЫНША КЕҢЕС ТУРАЛЫ          ЕРЕЖЕ</b>	2 бет

## **1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1 Академиялық этика бойынша кеңес туралы осы Ереже (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Университет) академиялық этика бойынша Кеңесінің негізгі мақсаттарын, қызметін, құрылу тәртібін және өкілеттігін анықтайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:


- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен бекітілген диссертациялық кеңес туралы үлгі Ережесіне;
- Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт Министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 25 бұйрығымен бекітілген аталған министрліктің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысына.

1.3 Академиялық этика бойынша кеңес (бұдан әрі - Кеңес) – ғылыми зерттеулердің және шығармашылық жобалардың этикасын қадағалауға бақылауды іске асыратын, сондай-ақ, Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының және қызметкерлерінің этикалық нормалар мен академиялық тәртіпті бұзу фактілерін қарастыратын кеңесші алқалы орган.

## **2 КЕҢЕСТІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ, ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН ӨКІЛЕТТІГІ**

2.1 Кеңестің негізгі міндеттері:

- Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру процесінде ғылыми-зерттеу компоненті сапасының деңгейін арттыруды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау;
- Ғылым мен шығармашылықта Университеттегі педагогикалық, ғылыми және шығармашылық қызметтің абыройына нұқсан келтіретін сыбайлас жемқорлықтың және академиялық этиканы бұзудың алдын алуға бағытталған шараларды әзірлеу;
- Университеттің педагогикалық және басқа қызметкерлерінің ғылым мен шығармашылықта академиялық этиканы қадағалауына қатысты

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 28.08.2020
	<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ ЭТИКА БОЙЫНША КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	3 бет

жауапкершілік деңгейін арттыруды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау.

2.2 Негізгі міндеттеріне сәйкес Кеңес келесі қызметтерді орындайды:

- Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының және қызметкерлерінің ғылым мен шығармашылықта академиялық этикалық нормаларды қадағалауын бақылау;
- Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың ғылыми зерттеулерінің бағыты мен тақырыбына бақылау;
- Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың ғылыми тағылымдама бағытын анықтауға бақылау.

### **3 КЕҢЕСТІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

3.1 Кеңестің құрамына Кеңестің төрағасы мен мүшелері кіреді. Кеңестің төрағасы – ғылыми жұмыс жөніндегі проректор. Университеттің ғылыми дәрежесі мен атағы бар, ғылыми-зерттеу жұмыстарын белсенді жүргізетін және үлкен кәсіби тәжірибесі бар ғылыми-педагогикалық мамандары Кеңестің мүшелері болады.

Кеңестің мүшелері Университеттің ғылыми зерттеулерінің барлық бағыттарының өкілдері болуы тиіс.

3.2 Кеңестің дербес құрамы 3 жылға сайланады және Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

3.3 Кеңес төрағасы Кеңестің қызметін ұйымдастырады және оған басшылықты іске асырады.

3.4 Кеңестің жиналыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

3.5 Кеңестің мүшелерінің жалпы санының, кемінде, үштен екісі қатысқан болса, Кеңестің жиналыстары құқықты саналады.

3.6 Кеңестің жиналыстары Кеңес төрағасы қол қоятын хаттамамен рәсімделеді.


3.7 Келіспеушілік немесе даулы жағдайлар орын алған кезде Кеңес тәуелсіз сарапшылардың пікіріне жүгінуге құқықты.

### **4 АКАДЕМИЯЛЫҚ ЭТИКАНЫ ҚАДАҒАЛАУДЫ БАҚЫЛАУ**

4.1 Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының және қызметкерлерінің академиялық этиканы қадағалауын бақылау келесілерді білдіреді:

- Академиялық этиканың бұзылу жағдайларын қарастыру;
- Одан әрі академиялық этиканың бұзылуына жол бермеу мақсатында ұсыныстар әзірлеу.

4.2 Академиялық этика дегеніміз:

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 28.08.2020
	<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ ЭТИКА БОЙЫНША КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	4 бет

- Ғылыми, шығармашылық және білім беру қызметінің ашықтығы, адалдығы мен әділдігі;
- Ғылыми, шығармашылық және білім беру процестеріне қатысушылардың тең құқықтылығы, жауапкершілігі мен абыройына нұқсан келтірмеуі;
- Ғылыми және шығармашылық қызметтің бағыты мен тақырыбын, оқытылатын білім беру бағдарламаларының мазмұнын және оқыту әдістерін таңдаудағы академиялық еркіндік;
- Білім беру, ғылыми және шығармашылық процестерге басқа да қатысушылардың ғылыми және академиялық жұмыстарын әділ бағалау;
- Зияткерлік меншікті құрметтеу және қорғау;
- Академиялық адалдық ұстанымдарын қадағалау.


4.3 Академиялық этика ойлармен, пікірлермен, өзінің шығармашылық және ғылыми зерттеу нәтижелерімен еркін алмасуға апаратын өзара құрметтеуге негізделген адал және сенімді қарым-қатынасты білдіреді.

4.4 Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы және қызметкерлері міндетті:

- Академиялық адал ниетсіздік жағдайлары көріністеріне жол бермеу;
- Авторлық құқық, оларды қадағалау және қорғау туралы нормативтік-құқықтық құжаттарды білу;
- Басқа тұлғалардың зияткерлік меншігін құрметтеу және авторлық құқықты қадағалау;
- Құпия ақпараттың жария етілуіне жол бермеу.

4.5 Академиялық адалдық ұстанымдарының бұзылуы келесі жағдайларда орын алады:

- Ғылыми зерттеулердің және/немесе басқа құжаттардың деректері мен нәтижелерін жасанды, жалған етуде;
- Шындыққа жанаспайтын ақпарат көздерін көрсетуде;
- Зерттеу нәтижелеріне қайшы келетін деректер туралы хабар бермеу;
- Білім алушыны, әріптестерін, т.б. бірлескен авторлыққа мәжбүрлеуде;
- Ғылыми, шығармашылық және білім беру процестеріне басқа да қатысушылардың зияткерлік және/немесе материалдық үлесін иемденуде, терістеуде немесе бұл туралы хабар бермеуде;
- Бөтен зияткерлік, ғылыми, шығармашылық еңбектің нәтижелерін иемденуде (плагиат);
- Әріптестерін жеке жаратпаушылық, бәсекелестік себепті немесе бағаланатын зерттеу жұмысының немесе шығармашылық жобаның сапасына байланыссыз басқа сарындағы қисынсыз сынауда;
- Академиялық қызмет үшін ақы алуда немесе төлеуде.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 28.08.2020
	<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ ЭТИКА БОЙЫНША КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	5 бет

4.6 Академиялық этиканың бұзылу жағдайларын қарастыру кезінде Кеңес бұзылудың мән-жайын ескерумен бұл үшін қолданылатын жаза шарасын анықтайды.

4.7 Кеңес келесідей тәртіптік жаза шараларын тағайындауы мүмкін:

- Ауызша ескерту;
- Тапсырылған жұмысты/жобаны түзетуге қайтару;
- Жұмысты/жобаны қорғауға немесе жариялауға рұқсат етпеу;
- Тапсырылған жұмысты/жобаны жою;
- Қызметкерді ғылыми зерттеуді немесе шығармашылық жұмысты/жобаны орындаудан шеттетуге;
- Бұл бағытта ғылыми зерттеуді немесе шығармашылық жұмысты/жобаны тоқтату.


## **5 ҒЫЛЫМ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЭТИКАСЫН ҚАДАҒАЛАУДЫ БАҚЫЛАУ**

5.1 Ғылым мен шығармашылық саласындағы этикаға негіз болатын негізгі ұстанымдар:

- Кәсіби этика нормаларын қадағалау;
- Ғылыми зерттеудің, шығармашылық жобаның нысанын (пәнін) және/немесе тақырыбын құрметтеу, мүдделер қайшылығына жол бермеу;
- Ғылыми немесе шығармашылық зерттеуге қатысушылармен әділ, ашық және құрметтейтін қарым-қатынас;
- Ғылыми немесе шығармашылық зерттеуге барлық қатысушылармен идеяларын, ойларын, пікірлерін ашық білдіретін еркін және тең қарым-қатынас;
- Академиялық адалдықты қадағалау;
- Авторлар мен олардың заңды мұрагерлерінің зияткерлік меншігі мен авторлық құқықтарын құрметтеу;
- Адамға, адамзатқа, жерге, табиғатқа, оның қорларына, экологияға қатысты этикалық нормаларды қадағалау.

5.2 Университеттің ғылыми және шығармашыл қызметкерлері міндетті:

- Ғылыми немесе шығармашылық зерттеудің бағытын таңдауға жауапкершілікпен қарауға;
- Басқа авторлардың ғылыми зерттеулерін қайталау жағдайларына жол бермеуге;
- Ғылыми және шығармашылық зерттеуді өткізуде басқа авторлардың зерттеулерінің нәтижелерін құрметтеу, авторға және оның еңбектерінің нәтижелеріне төменсітетін немесе теріс көзқарасқа жол бермеу;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 28.08.2020
	<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ ЭТИКА БОЙЫНША КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	6 бет

- Автордың жеке пікіріне құқығын мойындау, онымен келіспеген жағдайда қисынды және құрметті түрде оның пікірінің дұрыс болмауы мүмкін екендігі жөнінде дәлелдер келтіру;
- Тәжірибелерді, шығармашылық жобаларын орындауда этикалық нормаларды қадағалау, қажет болған жағдайда бөтен адамның материалдарын, аумақты, адамдарды түсіруге, т.б. пайдалануға рұқсат алу;
- Қоршаған орта қауіпсіздігі мен этикалық қарым-қатынас нормаларын қадағалау, зерттеу нысандарының (тірі табиғат пен тіршілік ортасының нысандары) құқықтарын, қауіпсіздігі мен аман-саулығын қоса.

## **6 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРІН БАҚЫЛАУ**

6.1 Кеңес Университеттің магистранттары мен докторанттарының ғылыми қызметінің бағыты мен тақырыбына бақылауды іске асырады.


6.2 Кеңесте магистранттар мен докторанттардың ғылыми зерттеулері тақырыптарының заманауи ғылымның даму бағытына және ғылым мен шығармашылықтың этикасына сәйкестігі қарастырылады. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың ғылыми зерттеулерінің немесе шығармашылық жұмыстарының/жобаларының тақырыптары алдыңғы жылдардағы немесе басқа білім беру ұйымдары зерттеулерінің тақырыптарын қайталауына жол берілмейді.

6.3 Кеңес докторанттардың диссертациялық жұмыстарының шетелдік тең жетекшілері кандидатураларының ғылыми қызметтің тақырыбына және докторанттың ғылыми зерттеуінің бағытына сәйкестігін қарастырады.

6.4 Кеңес Университет магистранттары мен докторанттарының ғылыми тағылымдама өту орындарын таңдауға, білім алушының ғылыми тағылымдама жоспарларының ғылыми зерттеу тақырыптарына сәйкестігін бақылауды іске асырады.

6.5 Кеңес докторанттардың диссертациялық жұмыстарының ғылыми зерттеулерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, өткізу және нәтижелерін тарату барысында бұзылулар болмауына тексеруді өткізеді және докторанттың білікті бітіру жұмысын қорғау шарасының алдында Диссертациялық кеңеске сәйкес қорытынды дайындайды.

6.6 Қажеттілігіне қарай Кеңес Университеттің білім алушылары мен ғылыми қызметкерлерінің ғылыми және шығармашылық зерттеулерінің нәтижелері бойынша жарияланымдарды академиялық этика тұрғысынан бағалауы мүмкін.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕУ УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 28.08.2020
	АКАДЕМИЯЛЫҚ ЭТИКА БОЙЫНША КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	7 бет

## 7 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

7.2 Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің бөлімшелерінің ұсынулары негізінде Ғылыми кеңес енгізеді.

